

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Фтизиопульмонология кафедрасы

Тақырыбы: Туберкулез туралы не білеміз?

Жетекшісі: доцент Исаева А.Г.

Дайындағандар:

601 топ дәрігер-интерн

Ауезханова Н.А

Бексейіт Г.С

Туберкулез - ежелден белгілі, созылмалы толқын тәрізді ағымда өтетін, өкпені және әртүрлі ағзалар мен тіндерді зақымдайтын, жұқпалы бактериалды ауру



жыл сайын 10 млн адам туберкулезге шалдығады



3 млн адам одан қайтыс болады



әр 4 мин сайын 1 адам жұқтырады, әр 10 секунд сайын туберкулезден 1 адам қайтыс болады



Активті туберкулезбен 1 науқас 1 жылда 10-15 адамға жұқтырады


- **Туберкулез қоздырғышын 1882 жылы Роберт Кох тапқан, 1904 жылы Нобель сыйлығына ие болды.**

- **Дүние жүзілік Денсаулық сақтау ұйымының шешімімен 1993 жылдан бастап 24 наурыз Дүние жүзілік туберкулезге қарсы күрес күні болып белгіленді.**



Туберкулез қоздырғышы

Туберкулез микобактериясы (Кох таяқшасы) - жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм, спора, капсула түзбейді, талшықтары болмайды.



Кох таяқшасының қасиеттері

**Спирт пен қышқылға
төзімді**




**Физикалық және
химиялық агенттер
әсеріне тұрақты**



**Тікелей күн сәулесі
әсерінен 5-7секундта
жойылады.**



**Әртүрлі заттарда
(жиһаз, кітап,
қабырға, еден,
орамал, т.б.) бірнеше
ай сақталады**



**Кеппеген қақырықта
6 айға дейін
сақталады**

Жұғу жолдары



**Аэрогенді: ауа
тамшылы, ауа-
шанды**

Алиментарлы



Трансплацентарлы

**Қарым-
қатынас**





Туберкулездің негізгі белгілері



Жалпы белгілер:

- Қызба, тершендік ++
- Салмақ жоғалту ++
- Тәбеттің төмендеуі +
- Шаршағыштық +




Тыныс алу:

- Жөтел +++
- Қақырықпен +++
- Қан түкіру ++
- Кеудедегі ауру сезімі, ентігу +

Туберкулезді анықтау әдістері


**Бактериоскопиялық
әдіс – қақырықтан
кох таяқшасын
табу**



Манту сынамасы



Флюорография әдісі



Туберкулездің алдын алу



Алдын алу – туберкулезбен күресудегі негізгі бағыт. Алдын алу шараларының мақсаты – туберкулезді жұқтырудың және осы ауруға шалдығудың алдын алу.

Алдын алу жұмысы үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: туберкулезге қарсы екпелер (БЦЖ вакцинациясы және ревакцинациясы); химиопрофилактика; санитариялық профилактика.

БЦЖ екпесін барлық балаларға міндетті түрде жасайды.

Вакцинацияны 7 және 14 жаста қайта жасау қажет, өйткені осы уақытта көп балаларда туберкулезге қарсы иммунитет тағы да жоғалады.

Алдын алу шаралары, басқаларға қарағанда, туберкулезге шалдығу қаупі жоғары болатын адамдарға қажет:

1. туберкулезбен ауыратын науқастармен қарым-қатынас жасайтын балалар мен жасөспірімдер;
2. бұдан бұрын туберкулезбен ауырған тұлғалар;
3. қант диабетімен ауыратын тұлғалар;
4. ойықжара ауруымен ауыратын тұлғалар;
5. созылмалы аурулармен ауыратын, үнемі гормондар (глюкокортикоидтер) қабылдайтын тұлғалар;
6. өкпенің кәсіби ауруларымен – пневмокониоздармен ауыратын тұлғалар.

Санитариялық алдын алу – туберкулез инфекциясымен күресудегі өте маңызды бағыт. Оның негізгі міндеті – аурудың таралуын тоқтату, сау адамдарға ауруды жұқтыруына, ауруға шалдығуына жол бермеу. Туберкулез инфекциясының ошағында алдын алу және емдеу шараларын өткізу санитариялық алдын алудың негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады.

Тазалық сақтау және денені шынықтыру, салауатты өмір салтын ұстанып, дене жаттығуларымен үнемі айналысу арқылы Сіз өз ағаңызға көмектесесіз!



ӨЗІНДІ ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ҚОРҒА

Туберкулез – инфекциялық ауру, ол ауа арқылы ауру адамнан сау адамға жетелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады



WWW.HLS.KZ

- Жөтелу әдебін сақтаңыз
- Жөтелгенде **АУЗЫҢЫЗ БЕН МҰРНЫҢЫЗДЫ** орамалмен/майлықпен жабыңыз
- Қолыңызда орамал/майлық болмаса, алақанға емес, **ШЫНТАҚТЫҢ БҮГІЛГЕН ЖЕРІНЕ** жөтелуге әдеттеніңіз
- **БӨЛМЕНІ** жиі **ЖЕЛДЕТІП**, үнемі ылғалдап сүртіп отырыңыз
- Егер екі аптадан артық жөтелсеңіз, кеуде тұсы ауырса, түнде терлесеніз, демалғанда алқынсаңыз, әлсіздік байқалса, арықтасаңыз, дене қызуы көтерілсе **МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕГЕ ЖҮГІНІҢІЗ**

**БҰЛ УАҚЫТЫНДА ДИАГНОЗ ҚОЮҒА ЖӘНЕ
ЕМДІ БАСТАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ**

**Назарларыңызға
рахмет!
Сау болыңыздар!
Ауырманыздар!**

